

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ САУАТСЫЗДЫҚТЫ ЖОЮ НАУҚАНЫ ТУРАЛЫ (1926-1941 жж.)

Икежанова Шолпан Укибаевна

*№2 дарынды балаларға арналған
мамандандырылған мектептің
тарих пәні мұғалімі
Шымкент қаласы, Қазақстан.*

Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі қолға алған жұмыстардың бірі бұқара халықтың арасындағы сауатсыздықты жою жұмысы болды. Ал бұл жұмысқа ұйымдасқан сипат беру және жан-жақты жүргізу мақсатында 1918 жылы 26-шы маусымда өкіметтің "РСФСР-де халыққа білім беру ісін ұйымдастыру туралы ережесі" қабылданды [5]. Ережеде халыққа білім берудің губерниялық, уездік және болыстық бөлімдерін құру және мектеп құрылысына еңбекші бұқараны кеңірек тарту үшін халыққа білім беру Кеңестерін ұйымдастыру қарастырылады. Сауатсыздықты жою, яғни білім беру ісін жүзеге асыру социалистік қоғам орнатудың маңызды шарттарының бірі, - деп есептеді большевиктер.

1919 ж. 26-ші желтоқсанда Кеңес өкіметінің "РСФСР халықының сауатсыздығын жою туралы" декреті жарияланды. Осыған байланысты 8 бен 50 жас аралығындағы оқи және жаза алмайтын республиканың тұрғындарын өз ана тілінде оқу міндеттелді. Декрет сауатсыз адамдардың мектепке келуіне кедергі жасауға тырыскандарды қатал жазалауға юстиция органдарына құқық берді.

1920 жылы шілдеде сауатсыздықты жоюға қатысты төтенше комиссия құрылды. Комиссия сауатсыздық жою пункттері, үйірме, қысқа мерзімді курстар арқылы бұқараны оқуға тартуға тырысты. Бірақ осы жұмыста комиссия біршама қиыншылықтарға кездесті. Ең бірінші кезекте ол арнайы мектеп орындарының болмауы, оқулықтардың жоқтығы, педагогикалық білімі бар мұғалімдердің жетіспеушілігі еді. Сонымен бірге сауаттандыру ісінде қазақ халқының негізі бөлігінің көшпелі және жарылай көшпелі және жарылай көшпелі өмір салтын ұстауы да кедергі жасады. Дәл осы кезеңдегі елдегі таптық күрестің өріс алуы, азамат соғысының салдары білім беру ісіне кері әсерін тигізді. 1920-1921 жылдардағы халық шаруашылығының күйзелісі, көптеген аудандардағы ашық бұқара халықтың жағдайын нашарлатып жіберді. Елдің үлкен-кішісі өлместің жағдайын жасап көрші аудандарға немесе қалаларға ағылды. Мемлекеттің де білім беру ісіне қаржы аударатындай шамасы болмады. Осы жылдардағы өкіметтің алдына қойған басты мәселесі – халық шаруашылығын, өнеркәсіп орындарын қалпына келтіру, жаңа фабрика, заводтарды салу, таптық жаудың "сарқыншақтармен" күресті жүргізу болды.

1923 жылы төрағасы М.И. Калинин сайланған Бүкілодақтық "Сауатсыздық жойылсын" қоғам құрылды. Қоғамның ұялары бүкіл елде құрылды.

1926-1927 жылдары Халық ағарту комиссариаты ең бірінші рет қазақ және шығыстың аз ұлт қыздарын мектепке және жалпы алғанда әйелдерді білім беруге тарту, тәрбиелеу туралы мәселені қойды. 1927 жылдың 19-қаңтарында бұл мәселе бойынша Коллегияның қаулысы шықты. Осы қаулының негізінде жергілікті жерлерге – қыздарды жаппай оқу орындарына тарту, біршама әйелдердің мектептерін және басқа да мәдени-ағарту мекемелерін ашу жөнінде кең науқанды жүргізу туралы нұсқау берілді [5, 62]. Осы мақсатта қазақ қыздары мен әйелдеріне арнап арнайы мектептер ашыла бастады. 1926-1927 оқу жылында ауылдағы бастауыш мектептерде 8-10% қыздар болса, 1927-1928 оқу жылында ауылдағы бастауыш мектептегі қазақ қыздарының үлес смалмағы 11,1%-ке көтерілді [1]. Бірақ бұл әлі де болса мардымсыз еді. Ауыл мектептеріне 1927-1928-ші оқу жылында қыз балалардың екіден бірі ғана қамтылды. Оның себебін жоғарыда айтап кеттік, сонымен бірге ауылдың көпшілігі "қызға оқудың қажеті жоқ, бәрібір күйеуге шығады" - деп қыздарын үйде ұстауға тырысты. Мысалы, көрсетілген оқу жылында қазақ қыздары 11 % ғана үлес алса, бұл көрсеткіш орыс қыздарында – 33,7% болған [3,109].

Қызыл отаудың қызметінде кездескен келесі қиыншылық қазақ тіліндегі әдебиеттердің болмауы еді. Сондықтан да 1927 жылдың 1-ші сәуір мен 1-ші қазанының аралығында қазақ тілінде С.Баранованың "Қызыл отау" Н.Құлжанованың "Ана мен бала", Н.Арықованың "Қосшы және қазақ әйелі", С.Есованың "Ленин және әйелдерді басыбайлылықтан босату", Тоғжановтың "Партия және қазақ әйелі" атты кітапшаларын баспадан шығару жөнінде жоспар қабылданды.

Қызыл отаудың жұмысы төртке бөлінді. Олар: әйелдердің сауатын ашу, денсаулық-тазалық жұмыстарын жүргізу, заң жағынан кеңес беріп қорғау және жалпы саяси-тәрбие жұмыстары. Әсіресе қызыл отаулар әйелдер арасында сауатсыздықты жоюда ең негізгі күш болды. Әрбір отаудың жанынан сауатсыздықты жою пункттері ашылып, ауылдың ересек тұрғындары тартылды. Мысалы, Орал губерниясында 1926 жылдың көктемінде 2 қызыл отау Гурьев және Бөкей уездерінде құрылады. Бөкей уезіндегі отаудан 1926 жылдың наурызы мен қарашасы аралығында 75 әйелдің 45-сі сауа-тын ашып шығады [1]. Ақтөбе губерниясындағы отаудан 9 айдың ішінде 45 әйел толық сауатын ашса, 52 қазақ әйелі шала сауат алды. Осы отаудың жанында 100 жуық бар кітапхана жұмыс істейді [1]. Мұндай көрсеткіштерді басқа да аудандардан көруге болды. Отаудағы сауатсыздық-ты жою ісіне тек әйелдер ғана тартылып қоймай, ер кісілер де қатысты. Бірақ көпшілік жағдайда қалам, қағаздың жетіс-пеушілігінен және сол кез үшін мектеп құралдарының тапшылығынан әйел, ер адамдар оқуды тастауға мәжбүр болды.

Отаудың жұмысын насихаттау және әйелдер мәселесін жан-жақты қарау әйелдердің баспасөз органын шығару қажеттігі туды. Осыған орай 1925 жылдың мамыр айынан бастап "Теңдік" газеті шыға бастады. Ал 1926 жылдың қаңтарынан бастап "Әйел теңдігі" журналы ұйымдастырылды. Оның тұңғыш редакторы С.Есова болды.

1927 жылдың мамырында Өлкелік партия комитеті әйелдер бөлімінің ұйымдастыруымен болған өлкелік Кеңесте ең үздік отаудың меңгерушісі Қадияша Нұрымованың баяндамасы тыңдалды. Бұл жиында шығып отау мең-герушілері, партия қызметкерлері өзара тәжіриби алмасып, ұсыныстар енгізді. Соның ішінде үлгілі көшпелі отау ұйымдастыру туралы ұсынысты айтуға болды. Маусымның орта кезінде үлгілі отау Қызылордадан көшпелі аудандарға өзінің бірінші сапарын бастады [3].

1927 жылдың желтоқсанында БК(б)П-ң тарихи XV съезі болып өтті. Съездің алға қойған міндеттерінің арасында әйелдерге білім беру мәселелері айрықша орын алды. Бұл міндеттерді екі бағытта: біріншіден, ересек әйелдер арасындағы сауатсыздықты жою, екіншіден, қыздарды мектепке түгел тарту арқылы шешу белгіленді [2]. Партияның нұсқауын басшылыққа ала отырып, 1928 ж. наурыз айындағы Қазақстан Орталық Комитеті Президиумының мәжілісі әйелдердің білім алуына, яғни қазақ қыздарына интернаты бар мектеп шеберханаларын ұйымдастыру үшін мемлекеттік бюджеттен қаржы бөлу туралы арнайы мәселені қарады. Сол жылдың сәуір айында БК(б)П Қазақстан өлкелік комитетінің пленумы «Қазақстандағы мәдени құрылыстың міндеттері туралы» мәселені қарай отырып, әйелдерге білім берудің маңызын ерекше атап көрсетіп, көшпелі және жартылай көшпелі ауылдарда, сондай-ақ қышпақтарда қыздарға арнап бастауыш мектептерін ұйымдастыруды ұсынды. Қазақстанның көшпелі өмір салтын ескере отырып, партия қазақ әйелдері үшін ауылдарда арнайы көшпелі мектептерді ұйымдастырды.

Әйелдердің арасындағы сауатсыздықты жою туралы мәселені қарамаған бірде-бір Советтер съезі, бірде-бір партия конференциясы болған жоқ. Кеңестердің Бүкілодақтық VII съезі (1929ж. сәуір) «әйелдердің әсіресе қазақ және шығыстың аз ұлт әйелдерінің арасындағы сауатсыздықты жоюды батыл күшейту. Жоғарғы үлгідегі бастауыш мектептерге қыздарды тартуды арттыру» деген қаулы қабылдаса, Бүкілодақтық VII партия конференциясы «колхозшы әйелдердің арасындағы сауатсыздықты жоюға ерекше назар аудару» қажеттігін [5] атап көрсетті.

Кедейлер ұйымы ретінде «Қосшы» одағы да әйелдерге білім берумен айналысты. Қазақ әйеліне еркіндік беру арқылы, қоғамдық жұмыстарға тартуға тырысты. Артта қалған ауылдарды өз қамқорлығына алып, байларды тәркілеу, ұжымдастыру сияқты процестерге қазақ әйелдерін де қатыстыруға күш салды. Өз қорынан сауаттандыру ісіне қаржы бөліп, отау, клубтарда «Лениннің өмір жолы», «социалистік қоғамдағы әйелдің ролі», «партия және қазақ әйелі» атты тақырыптарды әңгіме, баяндамалар өткізді.

Әйелдер клубы мен өкіл әйелдер жиналысы да сауаттылық жолындағы күресте үлкен күшке айналды. Клубтарда оқу залдарында жастарға дауыстап оқу істерін ұйымдастыра бастады. Кеңестік заңдарды таныстырды. Клубтардың жанында сауатсыздықты жою мектептері болды. Сол кезде екі губерния бойынша 6 клуб жұмыс жасады. Біреуі Жаркент қаласында)

Жетісу губерниясы), қалған бесеуі Сырдария губерниясының қалаларында орналасқан. Жұмыс саяси-ағартушылық сипаты болды. 12 сауатсыздықты жоятын мектеп ұйымдастырылған. Онда 173 европалық әйел, 107 қазақ әйелі оқыған [5]. Бірақ бұл мектепті бітіргендердің көпшілігі толық сауатын ашпай, тек қана әріппен санауды ғана үйреніп шықты. Бұған себеп, өз жұмысына мүдделі мұғалімдердің жоқтығы. Кадрлардың көпшілігі кеше ғана өзі осындай қысқа мерзімді мектептерді бітірген, ересек адамдарға сабақ берудің әдісін білмейтін жастар болды. Оның үстіне жоғарыда айтып кеткендей көпшілік қазақ мектептерінің арнайы үйі болмады. Сырдария губерниясындағы мектеп туралы өз кезегінде «Советская степь» (13.1.28ж.) газеті былай деп жазады: «Әсіресе қазақ ауылындағы мектептерге қиын. Сабақ микроскоптық терезесі бар қараңғы жер кепеде өтеді. Жиырлысып отыруға тура келді. Оқушылар еденде отырып сабақ оқиды»... Ал бұндай жерде оқыған бала тиісті білім алаша деп ойлау өте қиын.

Қазақстан атқару комитетінің қаулысымен 16-50 жас аралығындағы индустриялық және ауыл шаруашылық жұмысшыларымен 16-36 жас аралығындағы басқа да еңбекші таптарын 1932 жылдың 1-ші қазанына дейін хат танытып шығару жоспарланды.

Ғасырлар бойы рухани мәдениетіміздің негізі болып келген араб графикасын бір мезгілде өзгерту ата-бабаның тарихынан қол үздіру деген сөз еді. Алаштың белді азаматы Ахмет Байтұрсынов бұндай өзгеріске бірден қарсы шығып, «латын әрпін бірден алып, бірден соған түсіп кетуге одан да көп қаржы мен қайрат керек. Бірден мұғалімдердің бәрін латынша үйретіп, бірден баспаханалардағы әріптерді латынға айналдырып, адамдарын латынша үйретіп, оқу кітаптарын латынша бастырып, арабша сауаттыларды латынша сауаттандырып жіберу, адамдардың керек қылуын былай қоя тұрғанда да, он шақты миллион қаржымен біте қоятын жұмыс емес.

1935 жылдың қарашасында Қазақстан қыз-келіншектердің 1-съезі болып өтті. Мұнда әйелдерді социалистік құрылысқа тарту және ескіліктің қалдықтарымен күрес жөнінде әңгіме қозғалды. Съезде сөз алған Қазақстан Халық Ағарту комиссары Т.Жүргенов қазақ әйелдерінің арасындағы оқу, білім алу ісінің әлсіздігіне тоқталып, «қазіргі заманның адамдарының міндеті сауатын ашып, хат танып қана емес, білім алуы, белгілі-бір өнерге жетіліп, бір істің басын ұстауы керек... Мақсат қазір білімді болуда, өнерлі болуда», - деп айта келіп, сөзінің соңын «сіздердің осы съездеріңіз әйелдерді оқуға, мәдениетке шақыратын съез болу керек» [6],-деп түйіндеді. Қазақстан сауатсыздықпен күресте, қазақ жастарын оқуға, білімге тартуда Т.Жүргеневтің орны ерекше. Ол қазақ жастарының жоғары оқу орындарында білім алуына ерекше көңіл бөлді. Сол үшін де ауыл мектептерінің жағдайын жақсартуға күш салды.

Қарастырылып отырған жылдардағы республикамыздағы қазақ әйелдерінің арасында жүргізілген қоғамдық-саяси жұмыстар, өзінің проблемалық негізінде белгілі деңгейде ғылыми танымдық, практикалық маңыздылығын әлі де жойған жоқ. Әйелдерді басыбайлықтан босату процесі кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында тарихшылардың назарынан тыс қалмады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Есқызы Сара, Баранова Софья “Қызыл отау” Қызылорда: Қызмембаспасы, -1927. -72 б.
2. Ш. Ермағамбетова. Қазақстан әйелдері.// Социалистік Қазақстан. №249, 26 қазан, -1940
3. Жалғатаева. Т. «Деятельность Компартии Казахстана по вовлечению женщин в колхозное производство (1933-1937гг)» Автореф. дисс канд. ист. Наук, - Алма-Ата, -1979.
4. Сембаев А.И. «История развития советской школы в Казахстане». Алма-Ата: Каз. Государ. учебно-педогогическое изда-во, 1962. -367с.
5. Садвокасова К. «Развитие женского образования в Казахстане (1920-1932 гг)» Автореф канд. пед. наук. – Алма-Ата, -1966.
6. Ұ. Құлымбетов. «Совет әйелдері толық провалы азамат. (Қазақстан қыз-келіншектерінің І-съезінде сөйлеген сөзі)» Алматы: Қаз. баспасы, -1936 , -22б.